ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
4-бөлім
Істен шықпау негіздері

Информационная технология
ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ОТКРЫТЫХ СИСТЕМ
Основы безопасности для открытых систем
Часть 4
Основы неотказуемости

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-4-2008

(ИСО/МЭК 10181-4:1996 «Ақпараттық технологиялар. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелер үшін қауіпсіздік негіздері. Істен шықпау негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология

АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
4-бөлім
Істен шықпау негіздері

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-4-2008
(ИСО/МЭК 10181-4:1996 «Ақпараттық технологиялар. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелер үшін қауіпсіздік негіздері. Істен шықпау негіздері», IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Кіріспе

1 «Инфосистемы Джет» ЖАҚ **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігі **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2008 жылғы 25 ақпандағы № 107-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**.

3 Осы стандарт Қазақстан Республикасының экономикасының қажеттіліктерін айқындайтын қосымша талаптар мәтін бойынша көлбеу қаріппен белгіленіп ИСО/МЭК 10181-4:1997 «Ақпараттық технология. Ашық жүйелердің өзара әрекеті. Ашық жүйелердің қауіпсіздік негіздері. Істен шықпау негіздері» («Information technology. Open Systems Interconnection. Security frameworks for open systems. Non-repudiation framework»), IDT, халықаралық стандартына балама.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2013 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Мазмұны

Кіріспе

“Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері мен құралдары. Ашық жүйенің өзара әрекеті. Ашық жүйе қауіпсіздігінің негіздері” деп жалпы аталатын ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-ші осы стандарты мынадай бөлімдерден тұрады:

– 1 бөлім. Шолу

– 2 бөлім. Сәйкестендіру негіздері.

– 3 бөлім. Еркін басқарудың негіздері

– 4 бөлім. Істен шықпаудың негіздері

– 5 бөлім. Құпиялық негіздері

– 6 бөлім. Бүтіндік негіздері

– 7 бөлім. Қауіпсіздік жағдайлары мен жедел хабарламаларды есепке алу негіздері

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181 *А-Е қосымшалары* анықтамалық болып табылады.

Істен шықпауды қамтамасыз етудің сервисін тағайындау дегеніміз – оқиға немесе іс-әрекеттің болғаны мен болмағаны жайлы даулы жайларды шешу үшін жария болған оқиға немесе іс-әрекетке қатысты бұлтартпас айғақтарды жинау, қамтамасыз ету, оларды қол жетерліктей ету және нақтылау болып табылады.

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі әртүрлі контекстер мен жайларда қолданылуы мүмкін. Олар, сондай-ақ, мәліметтер дайындауда, мәліметтерді сақтауда және мәліметтер беруде қолданылуы мүмкін. Істен шықпауды қамтамасыз ету процестері куәлік заттардың жасақталуын көздейді; бұл оқиғаның немесе іс-әрекеттің болғанын дәлелдеу мүмкін еместей етіп, одан бас тартқан жағдайда, кейбір оқиғалар немесе іс-әрекеттердің шын мәнінде болғанының фактісін дәлелдеу үшін қолданылады.

Ашық жүйенің өзара әрекеттесуінің АЖӘ (ВОС) (*ГОСТ ИСО 7498-2 қараңыз*) базалық эталондық моделінде істен шықпауды қамтамасыз етудің мынадай екі типі бар:

– түпнұсқадан істен шықпауды қамтамасыз ету – деректерді жіберу фактісін жіберушінің жалған мойындамауын жоққа шығаруда қолданылады;

– жеткізуден істен шықпауды қамтамасыз ету – деректерді қабылдау фактісін алушының жалған мойындамауын жоққа шығаруда қолданылады.

Ашық жүйенің өзара әрекеттесуінің (АЖӘ - ВОС) базалық эталондық моделінің хаттамаларын пайдаланушы қосымшаларға істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің басқа да түрлері - қосымшалардың нақтылы кластарына арналған спецификалық түрлері қажет болуы мүмкін. Мысалы, MHS (*ИСО/МЭК 10021-2*) беру сервисі үшін талқылаудан істен шықпауды

анықтайды; ал ЭОД (EDI, Рек. МСЭ-Т Х, 435 қараңыз) қайтару және беріп жіберу сервистері үшін істен шықпауды анықтайды.

Осы құжаттағы қаралған тұжырымдамалар негізі АЖӘ - (ВОС) ның базалық эталондық моделінің коммуникацияларымен шектеліп қалмайды, алайда оларды одан әрі пайдалану үшін мәліметтерді дайындау және сақтау сияқты қолданысқа ие болып, кең таралуы мүмкін.

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-нің осы бөлімі істен шықпауды қамтамасыз ету сервистерінің жалпы негіздерін былайша анықтайды:

– істен шықпауды қамтамасыз ету сервистерінің *ГОСТ ИСО 7498 және МККТТ Х.800-де* баяндалған түсініктерін кеңейтеді және олардың ашық жүйеде қалай қолданылатынын түсіндіреді.

– осыған ұқсас сервистердің нұсқаларын қарастырады;

– аталған сервистер мен қорғаныстың басқа да сервистерінің өзара байланыстарын түсіндіреді.

Істен шықпауды қамтамасыз ету үшін мыналар қажет болуы мүмкін:

– соттар: бұлардың міндетіне оқиғаны немесе іс-әрекетті жоққа шығару нәтижесінде туындайтын даулы жағдайларда шешімдер шығару кіреді;

– сенім білдірілген үшінші жақ: бұлар куәларды айғақтау үшін қолданылатын мәліметтердің түпнұсқалығына және бүтіндігіне кепілдік береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Ақпараттық технология
АШЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ
Ашық жүйелерге арналған қауіпсіздік негіздері
4-бөлім
Істен шықпау негіздері

Енгізілген күні 2008.07.01

1. Қолданылу саласы

Осы стандарт ашық жүйелер ортасында қауіпсіздік сервистерін қолдану міндеттерін шешуге арналған қауіпсіздік негіздерін белгілейді. “Ашық жүйе” термині дерекқорды, жүйеленіп бөлінген қосымшаларды, ашық жүйелердің (АЖБ) талдануы мен өзара әрекеттесуін білдіреді. Қауіпсіздіктің негізгі ережелермен жүйе құрудың әдістемесіне және олардың тетіктеріне еш қатысы жоқ.

Қауіпсіздіктің негізгі ережелері қауіпсіздіктің спецификалық сервистерін алу үшін қолданылатын мәліметтер элементтерін де, сол сияқты әрекет нәтижелерін де (бірақ хаттама элементтерін емес) қамтиды.

Қауіпсіздіктің бұл сервистері өзара әрекеттесуші жүйе негіздерінде де, сондай-ақ жүйе аралық мәліметтер алысуда да, жүйелер басқаратын мәліметтерге де қолданыла алады.

Осы стандарт:

– істен шықпаудың негізгі түсінігін;

– істен шықпауды қамтамасыз етудің жалпы сервисін;

– істен шықпау сервисін қамтамасыз етудің мүмкін тетіктерін;

– істен шықпауды қамтамасыз ету сервистері мен тетіктері үшін басқарудың жалпы талаптарын белгілейді.

Кез-келген басқа да қорғаныс сервисі тәрізді істен шықпауды қамтамасыз ету нақтылы жағдай үшін контекстегі берілген қауіпсіздік саясатында ғана жүзеге асуы мүмкін. Қауіпсіздік саясатын айқындау осы стандарт шеңберінен тыс.

Осы стандарттың қолдану аясы хаттамалар құрамындағы алмасу деталдарының спецификасын қамтымайды; ал бұл хаттамалардың орындалуы істен шықпауды қамтамасыз ету үшін өте қажет. Сондай-ақ стандарт істен шықпауды қамтамасыз етудің сервистерін жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін нақтылы тетіктерді сипаттамайды және қауіпсіздікті басқарудағы сервистер мен хаттамаларды қамтамасыз етуді бүге-шігесіне дейін баяндамайды.

Осы құжатта көрсетілген кейбір іс-шаралар қорғаныстың криптографиялық тәсілдерінің көмегімен жүзеге асырады. Берілген негіздер

нақтылы криптографиялық немесе басқа да алгоритмде, не нақтылы криптографиялық тәсілдерді (яғни симметриялық яки ассиметриялық) пайдалануға тәуелді емес, алайда істен шықпауды қамтамасыз ету тетіктерінің кейбір кластары нақтылы алгоритмнің қасиетіне тәуелді болуы мүмкін. *Ақпаратты криптографиялық қорғаудың нақты құралдарын таңдау және қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.* Анығында, тәжірибеде әртүрлі көптеген алгоритмдер қолданылады. Криптографиялық жағынан қорғаныстағы мәліметтерді пайдаланғысы келетін екі мән бір ғана криптографиялық алгоритмді қолдау керек.

Осы стандарт стандарттардың әртүрлі типтерінде қолданылуы мүмкін:

1) Істен шықпау түсінігі енгізілген стандарттар.

2) Істен шықпауды қамтамасыз етуді қоса алғандағы абстракты сервистерді айқындайтын стандарттар.

3) Істен шықпауды қамтамасыз етудің қолданылуын айқындайтын стандарттар.

4) Істен шықпауды қамтамасыз ету құралдарын ашық жүйе архитектурасында айқындайтын стандарттар.

5) Істен шықпауды қамтамасыз етудің тетіктерін айқындайтын стандарттар.

Жоғарыда жіктелген стандарттардың нұсқаларына берілген негіздерді былай пайдалануға болады:

– 1), 2), 3), 4) немесе 5) стандарт типтерін берілген негіздердің терминологиясында қолдануға болады;

– 2), 3), 4) немесе 5) стандарт типтерін 7-бөлімде көрсетілген құралдарда қолдануға болады;

– 5) стандарт типтері 8-бөлімде көрсетілген тетіктер кластарына негіз бола алады.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008 Ақпараттық технология. қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдері мен құралдары. Ашық жүйенің өзара әрекеті. Ашық жүйе қауіпсіздігінің негіздері. 1 бөлім. Шолу.

ГОСТ ИСО 7498-2-2002 Ақпараттық технология. Ашық жүйенің өзара әрекеті. Базалық эталондық модель. 2 бөлім. Ақпарат қорғанысының архитектурасы.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта *ҚР СТ ИСО/МЭК 10181-1-2008*, ГОСТ ИСО 7498-2, [1] бойынша терминдер, сондай-ақ сәйкес анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылды:

3.1 Куәгерліктің беделін түсіру (compromised evidence): Бір кездегі қанағаттанарлық куәгерлік бұдан былай сенім білдірілген үшінші жақтың (СБҮЖ) немесе соттың сеніміне ие бола алмайды.

3.2 Қарсы қолтаңба (counter-signature): мәліметтер блогына енген, алайда басқа мәнге ие сандық қолтаңба (мысалы, СБҮЖ -СБҮЖ).

3.3 Куәлік (evidence): Даулы жағдайларды шешу үшін қолданылатын мәліметтер; ол жеке өзі немесе басқа бір мәліметпен қоса қолданылуы мүмкін.

3.4 Куәлік жасаушы (evidence generator): Істен шықпау куәлігін жасаушы мән.

Ескертпе – Бұл мән куәлік сұраушы жақ, түпнұсқа, қабылдаушы немесе бірігіп қимылдаушы бірнеше тараптар болуы мүмкін (мысалы, қол қоюшы және онымен бірге қол қойған жақ).

3.5 Куәгерлік субьектісі (evidence subjekt): іс-әрекетке немесе оқиғаға қатыстылығы куәлікпен дәлелденетін мән.

3.6 Куәгерлікті пайдаланушы (evidence user): Куәгерлікті пайдаланушы мән.

3.7 Куәгерлік верификаторы (evidence verifier): Куәгерлікті тексеруші мән.

3.8 Хабарламаны сәйкестендіру коды (message autentication code): Криптографиялық тексеруден өткен мағына; ол мәліметтер бүтіндігін және мәліметтердің түпнұсқалығын сәйкестендіреді, яғни түпнұсқа дәлдігін тексереді.

3.9 Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисін сұраушы тарап (non-repudiation service requester): Нақтылы іс-әрекет немесе оқиға үшін куәлік жасауды талап ететін мән.

3.10 Нотариус (notary): Мәліметтер мінездемесінің дәлдігіне кейіннен кепіл бола алатын, мәліметтерді тіркеуші сенім білдірілген үшінші жақ.

3.11 Түпнұсқа (originator): Түпнұсқаның контексте берілуінің мәні; істен шықпауды қамтамасыз етудің субьектісі ретінде әрекет кезінде мағлұматтар жасайды.

3.12 Алушы (recipient): Алушының контексте берілуінің мәні; істен шықпауды қамтамасыз етудің субьектісі ретінде әрекет кезіндегі мағлұматтарды қабылдап алады.

Ескертпе - істен шықпаудың логикалық моделінде басқа да мәндер қаралуы мүмкін. Мысалы, қожайын алғашқы хабарды жасаушы мән ретінде қарастырылса, ал хабар беруші агент – хабарды жеткізуші мән; бұл берілген контекстегі мәндер түпнұсқа және қабылдап алушы ретінде сипатталады.

4. Қысқартулар

Осы стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

4.1 Ашық жүйенің өзара байланысы; АЖБ (ВОС) (Open System Interaction OSI).

4.2 Куәландырушы орталық; КО (КО) (Certificate Authority; CA).

4.3 Сенім білдірілген үшінші жақ; СБҮЖ (СБҮЖ) (Trusted Third Party; TTP).

4.4 Хабарларды басқару жүйесі; ХБЖ (СУС) MHS (Message Handling System).

4.5 Электронды мәліметтер алмасулар; ЭМА (ОЭД) (Elektronic Data Interchange; EDI).

4.6 Кері қайтарылған сертификаттар тізімі; КҚСТ CRL (Certificate Revocation List).

5. Істен шықпау туралы жалпы мәліметтер

5.1. Істен шықпаудың негізгі түсініктері

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі дегеніміз куәгерлік жасау, оны растау және тіркеу, сондай-ақ даулы жағдайды шешу үшін куәгерлік мағлұматтарын қайтадан айғақтау әрі оны онан әрі іздестіру. Қосымша куәгерлік тіркелмесе даулы жағдайды шешу мүмкін емес.

Осы беріліп отырған тараудағы істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі нақтылы оқиға немесе әрекет куәгерлігінің қамтамасыз етілуі. Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі оқиға немесе іс-әрекетке қатысушылар тарапынан талап етілуі мүмкін. Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисімен қорғалған әрекетке, мысалы, мыналарды жатқызуға болады:

– хабарламаны X.400 хаттамасы бойынша жөнелту;

– мәліметтер базасын жазбалармен толықтыру;

– қашықтан орындауға сұрау жасау.

Түпнұсқадан істен шықпауды қамтамасыз ету үшін түпнұсқаны айғақтап, мәліметтің бүтіндігін растау керек. Жеткізуден істен шықпауды қамтамасыз ету үшін қабылдап алушыны айғақтап, мәлімет бүтіндігін растау керек. Кейбір жағдайларда контекстке байланысты істен шықпау куәгерлігі талап етілуі мүмкін (мысалы, күні, уақыты, түпнұсқаны алушының тұрғылықты жері). Бас тарту әрекеті орын алған жағдайда сервис мынадай құралдарды ұстанады:

– куәгерліктің жасалуы;

– куәгерліктің тіркелуі;

– жасалған куәгерліктің айғақталуы;

– куәгерлікті іздеу және қайтадан айғақтау.

Тараптар арасындағы даулы жағдайлар тек қана куәгерлікті алға тартумен ғана шешіле алады. Алайда, даулы мәселенің, даулы оқиғаның немесе іс-әрекеттің болған яки болмағанын куәгерлікті бағалай отырып және оны нақтылайтын соттардың шешуін талап ететін жағдайлар болады. Сот шешімі дауласушы тараптар сот билігін мойындаған кезде ғана тиімді бола алады.

Алға тартылған куәгерлікті соттың қабылдауы үшін, әдетте, оны бір немесе бірнеше сенім білдірілген үшінші жақ куәландыруы қажет. Соттың өзі де куәгерлікке нүкте қоюшы адам ретінде сенім білдірілген үшінші жақ бола алады. Істен шықпауды қамтамасыз ету механизмі сенім білдірілген үшінші жақ пен куәгерлік формаларының көптеген типтерін пайдаланады.

5.2. Сенім білдірілген үшінші жақтың рөлі

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі бір немесе бірнеше сенім білдірілген үшінші жақты іске қосуы мүмкін. Сервисті қажет еткен сайын істен шықпауды қамтамасыз етудің салғырт өтуін қолдайтын сенім білдірілген үшінші жақ – тәуелсіз сенім білдірілген үшінші жақ деп аталады. Куәгерліктің жасалуына немесе куәгерліктің айғақталуына белсенді түрде қатысушы сенім білдірілген үшінші жақ жедел сенім білдірілген үшінші жақ деп аталады. Жедел сенім білдірілген үшінші жақ, егер ол барлық өзара іс-қимыл байланысында дәнекер ретінде көрінсе, онда ол жапсарлас сенім білдірілген үшінші жақ деп аталады.

Сенім білдірілген үшінші жақ куәгерлікті жинауда, тіркеуге алуда, сондай-ақ куәгерліктің бірдейлілігін айғақтау үшін қажет болуы мүмкін.

Әртүрлі рөлдегі бірнеше сенім білдірілген үшінші жақ қажет болуы мүмкін (мысалы, нотариустың қызметі, мониторинг жасаушы, кілт сертификаттаушы, қол қоюды ұйымдастырушылар, қолды айғақтаушы және жеткізуші ұйым қызметтері. Сенім білдірілген үшінші жақтың біреуі осы аталған рөлдердің біреуін немесе бірнешеуін атқаруына болады.

Куәгерліктің жасалуы кезінде сенім білдірілген үшінші жақ істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінен куәгерлік жасауды сұрап отырған жақпен бірлесе жұмыс істейді.

Куәгерлікті тіркеу кезінде сенім білдірілген үшінші жақ куәгерлікті жазып алады, ол кейіннен куәгерлікті пайдаланушыда немесе соттың қолында болуы мүмкін.

Уақытты белгілеу кезінде сенім білдірілген үшінші жаққа уақытты белгілеу сұралған кездегі куәгерлікті жасақтау сеніп тапсырылады.

Мониторинг кезінде сенім білдірілген үшінші жақ іс-әрекеттің немесе оқиғаның ізін бақылап отырады және оған болған жағдайды куәландыруды қамтамасыз ету сеніп тапсырылады.

Кілттерді сертификаттау кезінде сенім білдірілген үшінші жақ істен шықпауды қамтамасыз етуге қажет ашық кілттің дұрыстығын куәлендіру

үшін куәгерлікті жасаушыға қатысты істен шықпаудың сертификаты ретінде әрекет етеді.

Кілттерді таратуда сенім білдірілген үшінші жақ куәгерлікті жасаушыларға немесе куәгерлік верификаторларына кілттер ретінде әрекет етеді. Сол сияқты ол көбінесе симметриялы әдістер қолданылған кезде кілттерді қолдануды шектей де алады.

Қол қоюды ұйымдастыру кезінде сенім білдірілген үшінші жаққа куәгерлік субъектісі атынан сандық қолтаңба түрінде куәгерлік ұсынуға сенім білдіріледі.

Куәгерлікті айғақтау кезінде сенім білдірілген үшінші жақ мәннің сұрау салуы бойынша куәгерлікті тексереді.

Қойылған қолдарды растау кезінде куәгерлікті пайдаланушы сенім білдірілген үшінші жаққа сандық қолтаңба формасындағы куәгерлікті тексеруді сеніп тапсырады.

Ескертпе - қол қоюды ұйымдастыру куәгерлікті жасауда жиі кездесетін жағдай. Қойылған қолды растау куәгерлікті айғақтауда жиі кездесетін жағдай.

Нотариус рөліндегі сенім білдірілген үшінші жақ екі немесе одан да көп мәндер арасындағы және бұрын тіркелген сенім білдірілген үшінші жақ арасындағы мәліметтердің қасиетіне кепілдік береді (мысалы, олардың сақталуына, түпнұсқаға, уақытына немесе олардың қызметіне).

Жеткізуші ұйым ретінде сенім білдірілген үшінші жақ белгіленген мәліметті алушымен бірлесе әрекет етеді және мәліметті алушыға жеткізуге тырысады. Мұнан соң ол мәліметтердің жеткізілгенін, мәліметтердің жеткізілмегенін, немесе жеткізу әрекетінің қолданылғанын, бірақ алуды растау болмағанын растайтын куәгерлік ұсынады. Соңғы жағдайда куәгерлікті пайдаланушы белгіленген алушының мәліметтерді алған-алмағанын анықтай алмайды.

5.3. Істен шықпауды қамтамасыз ету сатылары

Істен шықпауды қамтамасыз ету төрт сатыда жүргізіледі:

– Куәгерліктің жасалуы;

– Куәгерліктің берілуі, сақталуы және алынуы;

– Куәгерліктің айғақталуы;

– Даулы жағдайдың шешілуі;

1-суретте алғашқы үш саты көрсетілген; 2-суретте төртінші саты көрсетілген.



Ескертпе - берілген схема көрнекілік мақсатында, ол айқындаушы бола алмайды.

1 сурет – Мәліметтерді жасау, беру, сақтау/алу және айғақтау сатыларына қатысушы мәндер



Ескертпе – берілген схема көрнекілік мақсатында, ол айқындаушы бола алмайды.

2 сурет – Істен шықпауды қамтамасыз ету процесіндегі даулы жағдайдың шешілу сатысы

5.3.1 Куәгерлікті жасау

Куәгерліктің жасалу сатысында куәгерлікті сұратқан тарап куәгерлікті жасаушыдан оқиға немесе іс-әрекеттің куәгерлігінің жасалуын талап етеді.

Оқиға немесе іс-әрекетке қатысы бар деп танылған мән куәгерліктің субъектісі деп аталады. Бұл топтар әртүрлі топтастырылуы мүмкін. Куәгерлік субъектісі мен куәгерлік жасаушы, куәгерлік субъектісі, куәгерліктің жасалуын талап еткен тарап және куәгерлік жасаушы бір мәнге ие болуы мүмкін; немесе куәгерліктің жасалуын талап етуші тарап пен сенім білдірілген үшінші жақ; Куәгерліктің жасалуын талап етуші жақ, куәгерлік жасаушы және сенім білдірілген үшінші жақ. Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің типтеріне қарай куәгерлікті куәгерлік субъектісі, сенім білдірілген үшінші жақ сервисімен бірлесе отырып немесе бір ғана сенім білдірілген үшінші жақпен бірге жасауы мүмкін.

Ескертпе – істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің контексіне сәйкес келетін типтік куәгерлік қатысушы мәндердің идентификаторларын, мәліметтерін, сондай-ақ уақыты мен күнін де қамтиды. Жеткізілу режимі (мысалы АЖБ -ВОС-тың эталонды моделінің базалық коммуникациясы, мәліметтер базасының сақталуы және одан мәліметтердің алынуы), қатысушы мәндердің тұрғылықты жері, ерекшеленген идентификатор және мәлімет жасаушының “иесі” сияқты қосымша ақпараттар да қосылуы мүмкін.

5.3.2 Куәгерліктің берілуі, сақталуы және алынуы

Осы беріліп отырған сатыда куәгерлік өзара мәндер арасында беріледі немесе сақталу орнына беріледі.

5.3.3 Куәгерліктің расталуы

Куәгерліктің бұл сатысында куәгерлікті пайдаланушының сұрауы бойынша куәгерлік верификациясы арқылы тексеріледі. Даулы жағдай туа қалған жағдайда ұсынылған куәгерлік шын мәнінде жеткілікті болатынына куәгерлікті пайдаланушының көзін жеткізу үшін осы саты қажет. Ақпарат ұсынылған кезде куәгерлікті растау үшін сенім білдірілген үшінші жақтың сервисі қосымша қатысуы мүмкін. Куәгерлікті пайдаланушы мен куәгерлік верификаторы бір ғана мәнге ие болуы мүмкін.

5.3.4 Даулы жағдайдың шешілуі

Даулы жағдайдың шешілуі сатысында тараптар арасындағы даулардың шешілуіне соттар жауапты. Дауласушы тараптар кейде талап етуші және жауап беруші деп аталады. Даулы жағдайдың шешілу сатылары 2 - суретте көрсетілген.

Сот даулы жағдайды шешу барысында дауласушы тараптардан және/немесе сенім білдірілген үшінші жақтан куәгерлік жинайды. Соттың даулы мәселелерді шешу үшін қолданатын процесі осы стандарттың таралу аймағынан тысқары болады.

Бұл саты әрдайым міндетті емес. Егер барлық мүдделі тараптар оқиға немесе іс-әрекет болды (немесе болмады) деп өзара келіссе, онда ешқандай да даулы ситуация туындамайды. Онан әрі, тіпті пайда болған даулы жағдайдың өзін тараптар сотты қатыстырмай-ақ шешуі мүмкін. Мысалы, дауға қатысушы тараптардың бірі адал болып, бірақ қателескен болса, онда оны қарсы жақ түсінуі мүмкін: ол үшін оған басқа тараптың куәгерлігі тағылуы керек.

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисін сұраған сайын бұл саты қажет болмауы да мүмкін, ол үшін істен шықпауды қамтамасыз етудің барлық тетіктері даулы жағдайдың шешілу сатысын қолдауы қажет. Яғни, олар даулы ситуация туындаған жағдайда оның шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

5.4. Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің кейбір типтері

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің көптеген типтері бар. Көбінесе істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің мәліметтерді берумен байланысты түрлері жиі қолданылады. Ақпарат жіберуде кем дегенде екі мән қатысады, олардың бірі жіберуші де, екіншісі қабылдап алушы. Бұл жағдайға қатысты мынадай потенциалды даулы жағдайлар туындайды:

Мұндай шабуылды білген кезде мүмкіндігінше фактінің қасақана алмастырылғаны жөнінде кеңінен жария ету қажет, бірақ куәгерлікті пайдаланушылардың бәріне қасақана алмастырылған кілттің көмегімен тексеруге болатын ақпаратты жеткізу мүмкін бола бермейді.

Қандай куәгерліктің қасақана алмастыруды ескерткенге дейін тексерілгенін тексерілген куәгерліктің тіркеу журналын жүргізе алатын куәгерлікті тексеру ұйымдарының көмегімен (мысалы, қол қоюды тексеру ұйымы арқылы) анықтау қажет. Мұндай тәсілмен қандай куәлік ескертпеге дейін, қайсысы ескертпеден кейін тексерілгенін білуге болады.

Егер тексеру кілті ашық кілт болған болса, онда оның қасақана алмастырылғаны аян болысымен-ақ дереу басқасымен ауыстыру қажет.

– жіберушінің оқиғаға қатысы жоқ екендігін айғақтау барысында кездесетін даулы жағдайлар, мысалы, күдікті жіберушінің алушы немесе белгісіз бұзушының хабарды ұрлап алды деп шағымдануы;

– алушының оқиғаға қатысы жоқ екендігін айғақтау барысында кездесетін даулы жағдайлар, мысалы, күдікті алушы хабарды жібермеген немесе жіберу барысында жоғалған, немесе белгісіз бұзушы алды деп шағымдануы;

Хабарды жіберу барысында туындайтын даулы жағдайлар түрлері бойынша істен шықпауды қамтамасыз ету сервисін (шешуге көмектесетін) жіктеуге болады.

Жіберушінің алушыға хабар жіберілуі мына төмендегі жеке оқиғалар ізімен қарастырылады:

– жіберушінің жіберу агентіне хабар жіберуі;

– жіберу агенттері арасында хабар жіберілуі (бірнеше жіберу агенттері болатын болса);

– жіберу агентінен алушыға хабар жіберілуі.

Осы оқиғалардың әрқайсысына байланысты істен шықпауды қамтамасыз ету сервистерінің қарастырып отырған оқиға куәлігін көрсететін бірнеше типтері бар. Сол себепті істен шықпауды қамтамасыз етудің қосымша типтері:

– жіберілген хабардың істен шықпауын қамтамасыз ету агентінің хабарды алып жіберу кезінде жалған бас тартуынан қорғау үшін (немесе жіберушіден, немесе өзге жіберуші агенттен);

– тасымалданған хабардың істен шықпауын қамтамасыз ету – фактіні жіберуде агенттің жалған бас тартуынан қорғау үшін (немесе алушыға, немесе өзге жіберуші агентке).

Ескертпе – хабардың жіберілуі мен тасымалдануы хабардың мәніне жауапкершілікке немесе хаттың мағынасындағы ақпаратты ұғынуына кепілдік бермейді.

5.5 АЖБ үлгілері бойынша істен шықпаудың куәланған мысалдары

Қолданылған сервистер бойынша істен шықпауды қамтамасыз ету төмендегі әрекеттер мен оқиғалардың әрқайсысы куәліктің белгілі бір типтерін талап етеді.

5.5.1 Істен шықпау көздерінің қамтамасыз етілуі

Куәлік мына құрамбірліктерді қамтуы тиіс (қол қоюға болатын немесе нотариалды түрде расталған):

– жіберушінің айырмалық идентификаторы;

– жіберілген мәліметтер немесе олардың сандық белгісі.

Куәлік сонымен қатар мына компоненттерді қамти алады:

– алушының айырмалық идентификаторы;

– жіберілген мәліметтердің мерзімі мен уақыты.

5.5.2 Жеткізілген нәрсенің істен шықпауының қамтамасыз етілуі

Куәлік мына құрамбірліктерді қамтуы тиіс (қол қоюға болатын немесе нотариалды расталған):

– жіберушінің айырмалық идентификаторы;

– жіберілген мәліметтер немесе олардың сандық белгісі.

Куәлік сонымен қатар мына құрамбірліктерді қамти алады:

– алушының айырмалық идентификаторы;

– жіберілген мәліметтердің мерзімі мен уақыты.

Куәлік сонымен қатар жеткізуші органын пайдалану барысында мына құрамдарды қамти алады (қол қоюға болатын немесе нотариалды расталған):

– жеткізуші органының айырмалық идентификаторы;

– жеткізуші органының бірінші рет жіберу әрекетінің мерзімі мен уақыты;

– алушының алуға дайындық сигналын қабылдауының мерзімі мен уақыты;

– жіберуші органының жіберуді орындау мерзімі мен уақыты;

– жіберу органының жіберуді орындай алмаған жағдайдағы мерзімі мен уақыты;

– жіберудің мүмкін емес болған жағдайдағы кездесетін себептер (мысалы, байланыс каналының үзілуі);

– қанағаттандырылған хабар жіберу процесіндегі талап етілген өңдеу белгісі.

6 Істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты

Істен шықпауды қамтамасыз ету саясатына мыналар кіреді:

1. Куәліктің құрылу ережесі, мысалы, істен шықпауды қамтамасыз ету куәлігінің құрылуы үшін әрекеттер тобының спецификациясы; куәлік құрудағы әрекеттердің СБҮЖ спецификациясы; СБҮЖ-бен орындалудағы рөлдер; куәлік құрудың мәнін қамтитын іс-шаралар.

2. Куәлікті растаудың ережесі, мысалы, куәлікті қанағаттандыра алатын СБҮЖ спецификациясы мен әрбір куәлік нысанын СБҮЖ үшін екендігі мойындалады.

3. Куәлікті сақтау ережесі, мысалы, сақталудағы куәліктің сақтығын қамтамасыз етудегі қолданылған тәсілдер.

4. Куәлікті пайдаланудың ережесі, мысалы, куәлікті пайдаланудағы міндеттердің спецификациясы

Ескертпе – істен шықпауды қамтамасыз етудің кейбір тетіктерінде куәлікті қолданудың рұқсат етілмеуінің алдын алу қиындықтары болуы мүмкін.

5. Сот шешімдерін қабылдау ережесі, мысалы, даулы жағдайларды шеше алатын төрешілердің келісілген спецификациясы

Бұл әрбір ережелер топтамасы жеке орган арқылы анықталады. Мысалы, куәлікті құру ережесі жүйе иесі арқылы анықталады, ал, сот шешімдерін қабылдау ережесі ел заңымен анықталады.

Егер саясаттың әртүрлі бөліктері сәйкес келмеген уақытта, істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін, мысалы даулы жағдайды шешу барысында шын мәнінде болған оқиғаны теріске шығарып мойындамау.

Төреші даулы жағдайларды шешу барысында істен шықпауды қамтамасыз ету саясатын қолдануы мүмкін. Мысалы, төреші істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты мен куәліктің сәйкес келуін қарастыруы мүмкін.

Қауіпсіздік саясатының қалыптасуы айқын немесе белгісіз түрде анықталып жүзеге асырылады. Істен шықпауды қамтамасыз ету саясатының айқын тапсырмасы (мысалы, кәдімгі тілдегі құжаттарда) саясаттың түрлі бөліктері арасындағы даулы мәселелерді анықтаумен қатар, төреші шешіміне де көмектесе алады.

Істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты сонымен қатар, куәліктің компреметациялық жағдайымен немесе компреметацияның жағдайымен

немесе куәлікті құрудағы пайдаланылған кілттердің жойылуымен байланыста болуы мүмкін.

Істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты тәуелсіз қауіпсіздіктер немесе жоғары сатыдағы қауіпсіздіктер деп өзара қауіпсіздіктер арасындағы келісімнің нәтижесі болып табылады.

7 Ақпарат және істен шықпауды қамтамасыз ету құралдары

7.1 Ақпарат

Даулы мәселелерді шешуде пайдалануға арналған ақпарат осы құжатта куәлік деп аталады. Куәлік куәлікті пайдаланушының өзімен немесе сенімді үшінші жақ иесімен сақталады. Сандық қолтаңба, қорғалған конверт пен қауіпсіздік маркері куәліктің нақты формалары ретінде саналады. Сандық қолтаңбалар ашық кілт технологияларымен, қорғалған конверттер мен қауіпсіздік маркерлері құпия кілттердің технологиясымен пайдаланылады. Куәлікке жататын мысал ретінде мына ақпараттар қамтылуы мүмкін:

– істен шықпауды қамтамасыз ету саясатының идентификаторы;

– жіберушінің айырмалық идентификаторы;

– алушының айырмалық идентификаторы;

– сақтандырылған конверттегі сандық қолтаңбасы;

– куәлікті құрушының айырмалық идентификаторы;

– куәлік құрудағы сұралатын екі жақтың айырмалық идентификаторы;

– хабарлама немесе хабарламаның сандық қолтаңбасы;

Ескертпе – егер хабарламаның орнына оның сандық қолтаңбасы қолданылса, қолтаңбаны алу үшін оны анықтайтын тәсіл қажет.

– хабарлама идентификаторы;

– қауіпсіздік маркерін растау үшін құпия кілттің нышаны болуы қажет;

– сандық қолтаңбаны растау үшін нақты ашық кілттің белгісі болуы қажет (мысалы, КО айырмалық идентификаторы және сертификаттың реттік саны);

– СБҮЖ уақытын таңбалайтын, нотариустың айырмалық идентификаторы;

– куәліктің бірегей идентификаторы;

– куәлікті тіркеудің немесе орналастырудың уақыты мен мерзімі;

– сандық қолтаңба мен қауіпсіздік маркерінің жасалуының уақыты мен мерзімі.

7. 2 Істен шықпауды қамтамасыз ету құралдары

Бұл бөлім істен шықпауды қамтамасыз етуді құру, жіберу, куәлікті растау немесе СБҮЖ куәлігін орнату сияқты түрлі тәсілдерін пайдалануды анықтайды.

7.2.1 Басқарумен байланысты тәсілдер

Істен шықпаудың қамтамасыз етілуін басқару тәсілдері болып табылатын ақпаратты бөлу, пароль немесе кілт (кілтпен басқарумен бірге) т.б. істен шықпауды қамтамасыз ету үшін қажетті тәсілдер болып саналады. Аталған нұсқалар арқылы істен шықпауды қамтамасыз ету үшін қарастыруға арналған өзара мәндер мен басқа да мәндерді байланыстырудың кейбір хаттамаларын қолдана алады. Істен шықпаудың қамтамасыз етілуін басқару процесі сонымен қатар, куәлікті алуда пайдаланылатын кілттердің жойылуын қамтиды.

Істен шықпаудың қамтамасыз етілуін басқару тәсілдері пайдаланушыға істен шықпауды қамтамасыз ету үшін ақпаратты алуға, өзгертуге, жоюға мүмкіндік береді. Жалпы айтқанда, бұл тәсілдер:

– ақпаратты басқару тәсілдерін орнату;

– ақпаратты басқару тәсілдерін өзгерту;

– ақпаратты басқару тәсілдерін жою;

– ақпаратты басқару тәсілдерін аудару амалдарын жүзеге асырады.

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисін қолдау – басқарумен байланысты келесі әрекеттерге әкеп соғады:

– тіркеу журналындағы оқиғаларды тіркеу;

– даулы жағдайларда қабылданған шешім қорытындысын тіркеу;

– оқиғаның жекеленген хабарландыруы;

– оқиғаның жойылған хабарламасы.

Әрбір оқиғаға байланысты қабылданған нақты әрекеттер істен шықпаудың қамтамасыз етілуінің саясатына байланысты болады.

7.2.2 Жұмыспен байланысты тәсілдер

7.2.2.1 Куәлікті құру тәсілдері

Бұл тәсіл куәлікті құруға арналған. Куәлік еш кедергісіз (СБҮЖ-тің көмегінсіз) бір немесе бірнеше СБҮЖ арқылы куәлік субъектісі құрыла алады.

Куәлікті құру тәсілдерінің керекті мәліметтері:

– істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты;

– куәлік субъектісінің айырмалық идентификаторы;

– істен шықпауды қамтамасыз ету сервисіне қарайтын мәннің айырмалық идентификаторы;

– мәліметтер немесе сандық қолтаңба;

– сандық қолтаңба, қауіпсіздік маркері немесе басқа куәлік жасауға арналған СБҮЖ-дің айырмалық идентификаторы.

– Куәлікті құру тәсілдерінің керекті мәліметтері:

– куәлік (мысалы, сандық қолтаңба мен қауіпсіздік маркері);

– сандық қолтаңба, қауіпсіздік маркері немесе басқа куәлік құрудағы СБҮЖ-тің айырмалық идентификаторы.

7.2.2.2 Уақыт белгісін құру тәсілдері

Бұл тәсілдер уақыт дәлдігін құру үшін арналған:

Уақытты анықтауды құру үшін арналған керекті мәліметтер:

– уақыт дәлдігін сұрайтын мәннің айырмалық идентификаторы;

– уақыт таңбасын жүзеге асыру үшін СБҮЖ-тің айырмалық идентификаторы;

– мәліметтер (мысалы, қол қойылған хат, түбіршек), немесе сандық қолтаңба, немесе мәліметтердің сандық көшірмесі.

Уақытты таңбалаудағы керекті мәліметтер:

– екінші жақтың қойылған қолтаңбасы, үшінші адамның сенімі арқылы;

– қарсы жақтың қолтаңбасын белгілеу үшін әдісті немесе криптографиялық алгоритмді таңбалау (мәліметтердің немесе сандық қолтаңбаның пайданылғаны туралы да көрсетіледі);

– уақытты таңбалау сервисінің айырмалық идентификаторы;

– уақыт таңбасын құру үшін мерзімі мен уақытына сұраныс алу;

– қарсы жақтың қойылған қолтаңбасының уақыты мен мерзімі;

– уақыт таңбасы мен мәліметтердің сандық қолтаңбасы қойылған хат.

7.2.2.3 Нотариалды түрде расталған куәлікті жасау тәсілдері

Бұл тәсіл СБҮЖ-де куәлікті орналастыру үшін пайдаланылады.

Бұл тәсілдердің керекті мәліметтері:

– кәулікті жасауда сұралатын екі жақтың айырмалық таңбалары;

– куәлік (мысалы, сандық қолтаңба немесе қауіпсіздік маркері);

– куәлікті жасаушының айырмалық идентификаторы;

– істен шықпауды қамтамасыз ету саясатының айырмалық идентификаторы.

Керекті мәліметтер мыналардан тұрады:

– куәліктің тіркеу нөмірі;

– куәлікті тіркеудің уақыты мен мерзімі.

7.2.2.4 Куәлікті растау тәсілдері

Бұл тәсіл куәлікті растау үшін пайдаланылады.

Бұл тәсілдердің қажетті мәліметтері:

– куәлік;

– куәлік субъектісінің айырмалық идентификаторы;

– куәлікті пайдаланушының айырмалық идентификаторы;

– куәлікті тексеру үшін қолданылатын кілт идентификаторы;

– куәлікті таңбалау белгісі (істен шықпауды қамтамасыз ету саясатының қоданылған куәлігін бағалау үшін және оның сәйкестігін анықтау үшін;

Керекті мәліметтер:

– тексерудің нәтижесі (дұрыс немесе дұрыс емес);

– куәлік субъектісінің айырмалық идентификаторы;

– куәлікті жасаушының айырмалық идентификаторы;

– куәлікті тексеруді талап ететін мәннің айырмалық идентификаторы;

– сандық қолтаңба мен қауіпсіздік маркерін тексеретін СБҮЖ айыру идентификаторы;

– мәліметтер немесе олардың сандық көшірмесі.

7.2.2.5 Куәлік жасау тәсілдерін СБҮЖ құрылғысының көмегімен жіберу

Мәліметті немесе түбіршекті жіберудің орнына жіберуші мен алушының арасына мәліметтер СБҮЖ арқылы жіберілуі мүмкін, сондықтан да істен шықпау куәлігі осы СБҮЖ арқылы жіберілуі мүмкін. Бұл тәсіл сонымен қатар, алынған мәліметтерді мойындамау үшін байланыс каналының үзілуі туралы жалған ақпарат беру кезінде пайдаланылады.

СБҮЖ құрылғысының бұл тәсілін пайдалану үшін қажетті өлшемдер:

– мәліметтер;

– алушының айырмалық идентификаторы;

– Бұдан басқа да өлшемдер берілуі мүмкін:

– мәліметтердің сандық қолтаңбасы;

– жіберушінің айырмалық идентификаторы;

– сандық қолтаңба;

– СБҮЖ құрылғысының айырмалық идентификаторы;

– Істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты.

– СБҮЖ-тің мәліметтері деп саналатын көрсеткіштер:

– үшінші жақтың сенімді адамының айырмалық идентификаторы;

– алушының айырмалық идентификаторы;

– куәліктің тіркелу нөмірі;

– тіркелудің уақыты мен мерзімі;

– мәліметтер немесе олардың сандық қолтаңбасы.

8 Істен шықпауды қамтамасыз ету тетіктері

Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі сандық қолтаңба, шифрлеу, түпнұсқа екендігін анықтау механизмдері, басқа сервистердің уақыт пен мерзімді таңбалауда қолдауы сияқты тетіктердің көмегімен жүзеге

асырылады. Істен шықпауды қамтамасыз ету үшін криптографиялық алгоритмдердің симметриялық және ассиметриялық түрлері пайдаланылады. Істен шықпауды қамтамасыз ету сервисі қауіпсіздік талаптарына сәйкес тетіктер мен сервистер комбинациясын пайдалана алады.

Бұл бөлім істен шықпауды қамтамасыз ету сервисін пайдалану тетіктерін және тетікке төнген қауіптерді суреттейді.

8.1 СБҮЖ қауіпсіздік маркерінің көмегімен істен шықпауды қамтамасыз ету (қорғалған конверт)

Бұл істен шықпау куәлігінің механизмі қауіпсіздік маркері мен СБҮЖ-ға ғана әйгілі бекітілген құпия кілттен тұрады. Сенімді үшінші жақ куәгердің сұранысы бойынша куәлікті пайдаланушы мен төреші үшін СБҮЖ-тің тексеруі нәтижесінде қауіпсіздік маркері құрады. Бұл жағдайда СБҮЖ куәлік жасаушы және куәлік верификаторы есебінде саналады.

Куәлікті құруды талап ететін жақ сенімді үшінші жаққа мәліметтерді немесе оның көшірмесін қауіпсіздік маркерін генерациялау сұранысымен бірге жібереді. Сұраныстың бүтіндігі қорғалуы тиіс (мысалы, бітеу арқылы) сонымен қатар, сұраныстың құпиялығы қорғалуы тиіс (мысалы, шифрлеу арқылы). Бүтіндікті сақтайтын қауіпсіздік маркерлері - қорғаныс конверттері деп аталады.

Қауіпсіздік маркерін пайдаланудағы керекті мәліметтер:

– тәсілді белгілеу немесе криптографиялық алгоритмдерді қауіпсіздік маркерінің бүтіндігін қамтамасыз ету үшін қолданылады;

– тәсілді белгілеу немесе криптографиялық алгоритмдерді қауіпсіздік маркерінің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін қолданылады;

– куәлік субъектісінің айыру идентификаторы;

– куәлікті құруда сұралатын екі жақтың айыру идентификаторы;

– істен шықпауды қамтамасыз ету кезінде қолданылатын саясат;

– оқиға немесе әрекет уақыты мен мерзімі;

– оқиға мен әрекетті суреттейтін мәліметтер.

– Керекті мәліметтер мыналардан тұрады:

– қауіпсіздік маркері

– қауіпсіздік маркерін құрудың уақыты мен мерзімі.

8.2 Істен шықпауды қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік маркері мен модульдерді бөгде нәрсенің араласуынан қорғау барысында пайдалану

Бұл істен шықпау тетіктерінің куәлігі бөгде нәрселердің араласуынан қорғалған криптографиялық модульдердің ішінде сақталған бекітілген құпия кілттен тұрады. Оны тек куәлік құрушы мен куәлік верификаторы

және төреші ғана пайдалана алады. Бөгде нәрсенің араласуынан қорғалған модульдер құпия кілт арқылы жасалатын операция түрлерінен шектейді және модульден тыс кілт мағынасын ашудан қорғайды.

Куәлік құрушы модулін құпия кілтті бекітілген маркер құруда пайдалануға рұқсат етіледі. Ал, куәлік верификаторы мен төреші ие болған модульдер арқылы тек маркерді тексеруге ғана рұқсат етіледі. Барлық қатысушы жақтар модульді құпия кілт бөгде нәрсенің араласуынан қорғау мақсатында дұрыс орнатылды деп есептелуі тиіс, өйткені, бір құпиялы кілт тек бір мәнмен ғана қолданылады алады. Ал, басқа мәндер арқылы кілт тек куәлікті тексеру мақсатында ғана қолданыла алады.

Куәлікті қолдануда даулы жағдайлар туылған кезде пайдаланушы бекітілген маркерді төрешіге көрсете алады және де оны тек куәлікті құрушы модульдің көмегімен ғана іске асатынын, ал осы кілттің мазмұнын құрайтын басқа модульдердің қауіпсіздік маркерін құруға мүмкіндігі жоқ.

8.3 Сандық қолтаңбаны пайдалану арқылы істен шықпаудың қамтамасыз етілуі

Бұл схемада істен шықпау куәлігі мәліметтер құрылымынан тұрады. Қолтаңбаны жасау барысында қол қою кілті пайдаланылады, ал тексеру кезінде – тексеру кілті пайдаланылады.

Қауіпсіздік саясатына байланысты уақыт туралы ақпараттың қажеттігі туындайды. Ол уақытты белгілеу органының қызметін атқаратын СБҮЖ-дің немесе мәнді қамтамасыз ететін сандық қолтаңбаның құрамына енеді. Егер уақыт белгісі СБҮЖ-ге жіберілмеген жағдайда басқа мәндер оған сенуге тиісті емес. Егер төрешіге даулы жағдайды шешу үшін уақыт белгісі немесе мәтіндік ақпарат қажет болса, бұл ақпарат сенімді көздерден алынуы тиіс (мысалы, сенімді үшінші жақтан).

Сандық қолтаңба қолтаңба құрушының қызметін атқаратын куәліктің субъектісі немесе СБҮЖ арқылы жасалады.

Куәлік субъектісі арқылы жасалған сандық қолтаңба тікелей сандық қолтаңба деп аталады. СБҮЖ-дің арқылы жасалған куәлік субъектісінің сандық қолтаңба тетігі жанама сандық қолтаңба деп аталады.

Егер қолтаңбаны тексеруге арналған сертификат кері шақырылса, онда даулы жағдайларды шешу үшін бір ғана сандық қолтаңба жеткіліксіз болып саналады. Осындай жағдайларды шешу үшін төрешіге сандық қолтаңбаны жасау кезінде сертификаттың істеп тұрғанын көрсететін ал, одан кейін сертификаттардың күші жойылғаны туралы куәлікті қосымша көрсету қажет (мысалы, кері шақырылған сертификаттар тізімі, CRL). Бірақ та егер жабық кілттің иесі әдейі қасақана уақытты дұрыс көрсетпесе немесе қастық ойлаушы қол қоюға арналған жабық кілтті қасақана пайдаланатын болса бұл схема мұндай даулы жағдайларды шеше алмайды. Мұндай даулы жағдайларды шешу үшін қосымша уақытша сенімді үлгі-нұсқаны немесе

уақытты таңбалау қызметін уақытша атқарушы СБҮЖ-дің қолын пайдалану керек (Д қосымшасын қараңыз).

Куәлік верификаторы тексеру процесіне қажетті ақпаратты алу үшін каталогтар сервисін пайдалануы мүмкін (қауіпсіздік сертификаты сияқты). Куәлік верификаторы куәлік құрушының ашық кілтін иеленуі керек. Бұл кілт қауіпсіздік сертификатының сақтау каталогында сақталады. Бірнеше сертификаттың қажеттігі туындау мүмкін. Сертификаттың жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін кері шақырылған пайдаланыла алатын сертификаттардың тізімін сұрау керек. Аталған әрекеттерді әрбір сертификаты бар куәландыратын орталықтарға арнайы жасау қажет ([2]-ні қараңыз).

Куәлікті пайдаланушы қолын растау үшін қолтаңбаны тексеру қызметін атқарушы СБҮЖ-тің көмегіне жүгіне алады. Бұл сенімді үшінші жақ хабарламаның түпнұсқасының (хабарламаның сандық көшірмесі, егер қолданылатын болса) немесе сандық қолтаңбасының сәйкестігін тексереді.

Бұл жағдайда СБҮЖ қызметі куәлікті пайдаланушыны қолтаңбаны тексеру процесінің қиындықтарынан босату үшін және болашақтағы сұраныстардың реакциясын оңтайландыру үшін алдыңғы сұраныстың нәтижесін сақтауды қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін СБҮЖ каталогпен өзара байланысты қажет етеді. Қолтаңбаны тексеруші қызметін атқарушы СБҮЖ ашық кілтті немесе бір КО-ны сақтайды деп жорамалданады. Сенімді үшінші жақ сонымен қатар бұрыннан бар әртүрлі куәландыратын орталықтардың сенім қарым-қатынасын ескеруі мүмкін

8.4 Уақытты таңбалау арқылы істен шықпауды қамтамасыз ету

Егер уақытша сенімді үлгі-нұсқа қажет болған жағдайда, егер сандық қолтаңба мен қауіпсіздік маркерін жасайтын мәнге берілген сағатқа сенуге болмайтын болса, уақытты таңбалауды қамтамасыз ететін сенімді үшінші жақтың көмегін пайдалану керек. Уақытты таңбалау кілт қолтаңбасының атына кір келтіруге дейінгі хабарламаның қол қойылу ақиқатын анықтау үшін және бұл хабарламаның алаяқтық емес екендігін айқындау үшін пайдаланылады. Уақытты таңбалау қызметін атқару барысында сенімді үшінші жақ хабарламаның алған уақытын айқындау үшін сандық қолтаңба мен қауіпсіздік маркерін қамтамасыз етеді. Уақытты таңбалау куәлікті жасаушы арқылы, істен шықпауды қамтамасыз ету сервисінің көмегіне жүгінген жақ арқылы, куәлікті пайдаланушы арқылы, куәлік верификаторы арқылы сұралуы мүмкін.

Уақытты таңбалау уақыт, мерзім және пломба немесе сандық қолтаңбаны мәліметтерге қосады. Уақытты таңбалау уақыт белгісін сұрайтын мәннің аутентификациясын керек етпейді. Куәлік верификаторы қауіпсіздік саясатының тапсырылуымен уақыт белгісінің диапазоны жететін аумақ шеңберінде тұрған тұрмағанын анықтау қажет.

Қолтаңба жасау процесі мен маркер құру процесімен уақытты таңбалаумен біріге алады. Егер сандық қолтаңба жасаушы мәннің, сенімді де берік сағаты болған жағдайда қарсы қолтаңба қажет болмайды.

8.5 Қосылған сенімді үшінші жақты пайдалану арқылы істен шықпауды қамтамасыз ету

Сенімді үшінші жақтың тәсілдері нақты оқиғалар мен әрекеттерге арналып сұралады немесе ашық көрсетілмейді. Құрамалы СБҮЖ істен шықпауды қамтамасыз ететін сервистің барлық бірлескен әрекеттерінде жүзеге асырушы ретінде әрекет етеді, сонымен қатар, куәлікті пайдаланушыға куәліктерді көрсете алады.

Қалай болған жағдайда да, құрамалы СБҮЖ мәліметтерді жіберумен қатар, оқиға мен әрекетті қадағалап отырады.

Алдында кездескен даулы жағдайларды шешу үшін жазбаларды сақтау сенімді үшінші жаққа сеніп тапсырылады. Мәліметтердің немесе олардың сандық көшірмелерінің сенімді үшінші жақта сақталуы куәлік ретінде қызмет етуі мүмкін.

8.6 Нотариусты пайдалану арқылы істен шықпаудың қамтамасыз етілуі

АЖБ моделіндегі мәліметтердің екі немесе одан көп мәндер арасында берілетін тұтастық, қайнар көз, уақыт, міндет сияқты қасиеттері нотариалды түрде растау механизмімен кепілдікке алынады. Қатысушы мәндер қажетті ақпараттарды нотариусқа сеніп сақтайды. Алдыда кездескен даулы жағдайларды шешу үшін жазбаларды сақтау куәгерліктің көмегімен кепіл болып қамтамасыз етіледі. Нотариустың сервисін қолдау барысында сандық қолтаңба, шифрлеу, бүтіндіктің бақылау тетіктері сәйкестіріп пайдаланылады.

Куәлікті құрудың қызметін атқарушы нотариус мәліметтердің қасиеттеріне кепілдік бере отырып куәлікті тіркейді. Сонымен қатар, куәлікті идентификациялауда тіркеу номері пайдаланылады.

Куәлікті тексеру қызметін атқарушы нотариус куәліктің әрекет етуін растайды.

8.7 Істен шықпауды қамтамасыз ету процесіндегі қауіп-қатерлер

Істен шықпауды қамтамасыз ету механизмінің бірде-бірі қауіп-қатерлерден мүлде ада деп айтылмайды. Егер СБҮЖ ұйғарымнан тыс өзін басқаша ұстайтын болса, СБҮЖ-ті қосатын тетіктер қауіпті болуы мүмкін. Мұндай жағдай кенеттен істен шығу болған кезде немесе сырт жақтан болған шабуыл нәтижесінде болуы мүмкін. Бұл қауіп-қатерлер маңызды болса да осы стандартта талқыланбайды. Істен шықпауды қамтамасыз ету тетіктері СБҮЖ-тің дұрыс жұмыс жасамауынан және де СБҮЖ-тің

оңайлықпен хаттаманы істен шығаруы деп бөлінеді. Тетіктер таңдауда жіберілетін қауіп-қатерді айқындау арқылы қауіп-қатердің қайсысы болуы ықтимал екендігін, ал кейбір қауіп-қатердің маңызды зардаптарға әкеп соғатынын бағалау арқылы айқындау қажет. Төменде болуы ықтимал қауіп-қатерлердің мысалдары туралы және оған қарсы әрекеттер туралы талқыланады.

8.7.1 Кілттерге зиян келтіру

8.7.1.1 Мәнге жататын кілт жасаудың зиян шегуі

Кілтті рұқсатсыз пайдалану кезінде және оның заңды иегер арқылы айғақталуы барысында мынадай қауіптің пайда болуы мүмкін: бұзушы куәлікті құру үшін кілтті рұқсатсыз пайдалануы мүмкін, және ол куәлікті пайдаланушылар үшін әрекет етуші деп табады. Істен шықпауды қамтамасыз ету механизмінің куәлікті құру кілтін дұрыс пайдаланбағандықтан болған қандай да бір зақым дер кезінде қайта іске қосыла алмайды. Бірақ та куәлікті құру органының көмегімен жоғалған заттардың деңгейін анықтай алады (мысалы, қолтаңбаны жасау органы арқылы), сонымен қатар, құрылған куәліктердің қай уақытта және қай кезде құрылғандығы туралы мәліметтерді тіркеу журналынан тауып алуға мүмкіндік береді. Кілтке жасалған қастандық туралы мүмкіндік болғанынша барлық куәлік алушыларға хабарландырулар жіберілу керек, бірақ та кейбір жағдайда куәлікті пайдаланушылардың рұқсатсыз кілттің көмегімен құрушылардан сақтанып отыру керек.

Кілтті рұқсатсыз пайдалану заңды иесі арқылы анықталады, онда жағдайда құру кілтінің күші міндетті түрде жойылуы қажет. Егер кілт жабық кілт болатын болса, сәйкес ашық кілттің сертификатын шақыру керек. Бұл [2]-де анықталған шақырылған сертификаттар тізімі арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бірақ бұл жеткіліксіз болып табылады, өйткені кілтпен қастандық жасау әрекеттерін тоқтата алмайды. Куәлікті құру СБҮЖ-бен және куәлік субъектімен бірігіп жұмыс істеуді талап ете отырып істен шықпауды қамтамасыз ету механизмін пайдалану арқылы бұл қатерге қарсы тұра алады. Мысалы, жанама сандық қолтаңбаны немесе уақытты таңбалау органының қарсы қолын пайдалану арқылы бұл қауіп түрінен сақталынады. Бұл соңғы жағдайда егер уақыт таңбалау органының қойылған қолы дұрыс болған болса істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты куәліктің әрекет етуін анықтайды (Д қосымшасын қараңыз).

Тура осындай тәсілмен кілттің заңсыз пайдалануын қарастыруға болады. Егер істен шықпауды қамтамасыз ету саясаты куәлік субъектісінің кілттің заңсыз пайдаланылғаны мен оның әшкере болған уақыт арасында өз кілтінің қастандық жасалғанына жауап бермейтін болса, куәлік субъектісі кілтінің заңсыз пайдаланғанын дәлелдеп, болған оқиға мен әрекеттерден бас тартуы тиіс. Кілтті басқа біреудің пайдаланғаны туралы хабарлауына

дейінгі кешіктірілген уақытты мүмкіндігінше анықтау бұл қауіпке қарсы тұруға көмектеседі. Егер куәлік иесінің кілтті басқа біреудің заңсыз пайдаланылғаны туралы берілген уақыт ішінде хабарлай алмаған болса, онда куәлік иесі кілтпен қастандық жасалған барлық зардаптарға жауапты болады. Куәліктің верификаторы әрбір куәлікті қабылдау кезінде кілтпен қастандықтың жасалғаны туралы хабарлауды қаншалықты кешіктірілгені туралы көз жеткізіп отыруы тиіс.

8.7.1.2 Кілтті құруды басқа біреудің қолдануы

СБҮЖ арқылы кілттің зиян шегуі табылған жағдайда, бұл кілттің күші жойылуы тиіс. Егер кілт жабық кілт болатын болса, сәйкес ашық кілттің сертификатын шақыру керек. Бұл [2]-де анықталған шақырылған сертификаттар тізімі арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұрындары жасалған куәліктің рұқсатсыз пайдаланылған (мүмкін) кілтпен жұмыс істеуі кезінде өз кілтінің әрбір пайдаланылуын СБҮЖ тіркеу журналына тіркеп отыруы тиіс. Егер СБҮЖ-дің кілті рұқсатсыз пайдаланылған уақытта даулы жағдайды шешу үшін тіркеу журналын пайдалануға болады.

8.7.1.3 Мәнді тексеру кілтінің алмастырылуы

Куәлікті пайдаланушы мен верификаторды қолдарындағы жалған куәліктің дұрыстығына сендіру қаупі кездеседі. Бірақ та сот шешімін талап ететін даулы жағдай туған кезде куәліктің жалғандығы айқындалады. Яғни, мұндай жағдайда куәлікті пайдаланушы жауапкершіліктен босатылады, өйткені ол өзінің куәлігінің дұрыс екендігіне сенімді болғандықтан әрекеттер жасауы мүмкін, бірақ сот дауды оның пайдасына шешпейді. Бұл қауіпке қарсы тұра алатын тәсілдер мәннің дұрыстығын - тексеру кілтінің дұрыстығымен сәйкестігін анықтау үшін күшті іс-шараларды пайдаланады. Алмастыру болған жағдайда жалған тексеру кілті ауыстыру әшкере болған сәтте жойылуы тиіс.

8.7.1.4 СБҮЖ тексеру кілтінің алмастырылуы

Егер СБҮЖ-дің пайдалануындағы тікелей тексеру куәлігінің тексеру кілті ашық кілт болған жағдайда, төрешіге тексеру үшін берілетін кілттерді берудің бір тәсілінің көмегімен СБҮЖ-тдің жалған куәлікті алып алданып қалуы (мысалы, қағаз құжаттар, сертификаттар тізбегі). Бұған нақты мысал ретінде қастандық ойлаушының төрешіге тәуелді ашық кілттің көшірмесін алмастыруы дәлел бола алады.

